

Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

*ЖМББҚ материалдық және қаржылай көмек көрсету және
Республикалық «Мектепке жол» акциясы бойынша
АНЫҚТАМА*

10.10.2025ж.

2025–2026 оқу жылының басында мектепке келетін аз қамтылған отбасына көмек ретінде дәстүрлі **«Мектепке жол»** республикалық акциясы ұйымдастырылды.

Акцияның негізгі мақсаты — аз қамтылған, көпбалалы және әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде көмек көрсету, олардың мектепке толық баруына жағдай жасау.

Әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 11 шілдедегі №1460 хатын орындау мақсатында, мектепшілік 2025 жылдың 01 тамызындағы 108 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

«Астана қаласының білім басқармасы» ММ-нің «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылды.

Жоспарға сәйкес **Жалпыға міндетті білім беру қорынан** берілетін қаржылай және материалдық көмек пен Республикалық «Мектепке жол» акциясы туралы мектептің әлеуметтік желілердегі парақшасына https://www.instagram.com/p/DM7q4bCMi_Z/?igsh=MXRudGtndWJ4NnBoNA= ақпараттар салынып, ата -аналар, мектептің алқалы орган жұмыс чатына хабарландырулар жіберілді.

«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілді.

Әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсету *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №949 Қаулысы, ҚР Оқу – ағарту министрінің*

2025 жылғы 20 наурыздағы №46 бұйрығын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылды.

Мемлекеттік қызметке **63** азамат жүгініп, **131** өтініш түсірді. *Оның ішінде санаттар бойынша:*

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар – **33** отбасынан **67** өтініш түсті.

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға - **0** өтініш.

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға – **5** отбасынан **8** өтініш;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға - **0** өтініш;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары – **43** отбасынан **56** өтініш.

5 - санат бойынша келіп түскен өтініштер мектептің Қамқоршылық кеңесінен құрылған комиссия қарауына берілді. Комиссия отырысының шешіміне сәйкес **18** отбасынан келіп түскен **41** өтініш қанағаттандырылды, **25** отбасынан түскен **15** өтінішке бас тартылды. Келіп түскен өтініштер негізінде мектеп бухгалтеріне тізім жіберіліп оқушы үшін бір реттік **46228** теңге көлемінде қаржылай көмек тағайындалды. Қаржылай көмектің жалпы сомасы **5 362 448** тг құрады.

ЖМББҚ берілетін қаржылай көмек алған отбасылар киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алғанда оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттарды (*төлем чектерін, фото*) ұсынды.

Әлеуметтік педагог: Кулжабекова Сая Ондасыновна
87767061181